



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

19 қаңтар, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

Іскер топтар байланысы жанданады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрі, Дубай әмірлігінің билеушісі шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактуммен кездесті.

Мемлекет басшысы қонақжайлық көрсеткені үшін шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактумға алғыс айтып, Біріккен Араб Әмірліктеріне жасаған ресми сапары аясында нәтижелі келіссөздер жүргізілгенін және екі ел арасында маңызды екі-жақты келісімдерге қол жеткізілгенін атап өтті.

Әңгімелесу барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Астана» халықаралық қаржы орталығы Әмірліктердің басты қаржы институттарымен қарым-қатынас орнатқанына тоқталып, екі елдің іскер топтары арасындағы байланысты жандандыру мәселесіне назар аударды.

Өз кезегінде шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактум Қазақстан мен Әмірліктер арасындағы экономикалық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ниетті екенін жеткізді. Кездесу соңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрі, Дубай әмірлігінің билеушісін Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.

Шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактум Президенттің шақыруын қабыл алып, Қазақстанға сапар шегу зор мәртебе екенін айтты.

БАСПАНА

«7-20-25»: Бағдарлама өзгеріссіз, ал үйдің бағасы...

Бүгінде баспаналы болудың бірнеше мемлекеттік бағдарламасы бар. Қалтаңызға қолайлысын немесе мүмкіндігіңізге қарай таңдау құқы өз еркіңізде. Осыдан бес жыл бұрын әр отбасы үшін баспана сатып алу үшін тиімді жолы – «7-20-25» бағдарламасы шыққан болатын.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Осы уақытқа дейін 65554 ел тұрғыны бұл бағдарлама арқылы үй алды. Былдан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасымен «7-20-25» қайта жалғасатын болды. Оның талабы мен шарттарында ешқандай өзгеріс жоқ. Алайда бес жылдан бері инфляцияның қайшамаға бағарына бағамдай беріңіз.

Ұлттық банктің облыстағы филиалы мамандарының берген мәліметтеріне сүйенсек, 2021 жылғы еліміз бойынша 34 197 өтінім қабылдана, оның 13 337-сі мақұлданды. Ал өңірде 238 адам бағдарламаға қатысуға ниет етсе, оның 67-не оң нәтиже берілген. Өткен жылы елімізде бағдарламаға өтінім бергендер бірнеше есе өскен. Мәселен, елімізде 355 038 өтінім қабылдана, оның небәрі 28930-ы мақұлданды. Облыста



2258 өтінімнің тек 77-не берілген. Бағдарлама шыққанда 2018-2022 жылдарға 1 триллион теңге бөлінген еді. Ал биылға 100 млрд теңге жоспарланып отыр. Жыл сайынғы кредиттеудің нақты көлемі банктердің нарықтық ипотекалық өнімдері мен олардың дамуына байланысты белгіленеді. Берілетін ипотекалық тұрғын үй қарыздарының параметрлері бұрынғысына қалады.

«7-20-25» бағдарламасы дәл қазіргі уақытта көп отбасы үшін тиімді болып тұр. Өйткені, пайызы төмен бағдарламаның бірден бірі. Оның операторы – «Қазақстанның тұрақтылық қоры» АҚ болып белгіленген. Тұрғын үй замы ұлттық валютамен беріледі және оған баспананы жоқ кез келген қазақстандық қатысуға құқылы. Алғашқы төлем мөлшері тұрғын үй құнының 20% мөлшерінде анықталады. Бұл әр қала тұрғындары үшін түрлі сомада бекітілген. Мәселен, Астана, Алматы (қала маңындағы ау-

дандарды қоса алғанда), Ақтау, Атырау, Шымкент қалаларына 25 млн, Қарағанды қаласы үшін 20 млн және басқа өңірлер үшін 15 млн теңге беріледі. Қарызды жабу мерзімі 25 жылға дейін ұлғайтылған. Қарыз алушыдан ешқандай комиссия ұсталмайды. Сондай-ақ, кепілзат пен қарыз алушының өмірін сақтандыру міндетті емес, сақтандыру қажет болса, барлық шығындарды несие берген банк көтереді.

4-бет

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде «Болашақ» университеті мен Қызылорда технология және қызмет институтының бірігуі туралы баспасөз мәслихаты өтті. Оған экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық Ғылым академиясының академигі Бақберген Досманбетов, техника ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық Ғылым академиясының академигі Қылышбай Бисенов және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы-ректоры Бейбіткүл Кәрімова қатысып, орын алған жағдайға қатысты түсінік берді.

Дәуржан ЕЛУБАЕВ, «Сыр бойы»

Екі оқу орны бірікті

Алдыңғы сөз кезегін «Болашақ» университетінің құрылтайшысы Б.Досманбетов алады.

Қызылордадағы «Болашақ» университетінің білім беру лицензиясының тоқтатылуына байланысты кейінгі екі аптадан бері әлеуметтік желі мен халық арасында әртүрлі әңгімелер айтылып жатыр. Тіпті менің суретімді салып, «университет лицензиясын қайтарып алыңыз» деген ақпарат таралады. Бұл – жалған. Өткен жылдың соңында «Болашақ» университетінің лицензия тоқтатылды. Біріншіден, ол жұмыста жіберілген кемшіліктерге байланысты болса, екіншіден, жеке меншіктегі оқу орындарын біріктіру мақсатында жүзеге асырылды. Нақты кезеңде еліміздегі мемлекеттік емес жоғары оқу орындарын ықшамдау, ірілендіру саясаты жүргізіліп жатқанын білесіздер. Алматы, Шымкент және басқа қалаларда осындай жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл жағдайдан оқытушы да, студент те зардап шекпейді. Өйткені, біз Қылышбай Алдабергеліні екеуіміз құрылтайшы ретінде келісіп, «Қызылорда Ашық университеті» құрып жатырмыз. Мұнан былай да «Болашақ» университетінің студенттері өз корпусында, ал Қызылорда технология және қызмет институтының білім алушылары өз ғимаратында оқуды жалғастыра береді, – деді Б.Досманбетов.

Ал Қызылорда технология және қызмет институтының құрылтайшысы Қылышбай Бисенов елімізде жеке жоғары білім ордаларын шоғырландыру, ірілендіру саясаты жүргізіліп жатқанын, бірігудің уақыт талабы екенін, Ашық университет құру әлемдік тәжірибеде бар екенін айтты.

– Ұстаз, ғалым ретінде біздің мақсатымыз – әрбір білім алушының мүддесіне, солардың болашағына қызмет жасау. Өздеріңіз білесіздер, білім – әрбір ұлттың сапасын анықтайтын көрсеткіш. Мемлекет басшысы қазір елдегі білім сапасына ерекше назар аударып отыр. Жеке оқу орындарын ірілендіру әлемдік тәжірибеде бар, – деді Қ.Бисенов.

Осы орайда студенттердің заңды мүдделерін сақталып, оларға оқуын жалғастыруға мүмкіндік жасалып жатқанын да айта кеткен орынды.

– Нақты кезеңде Қорқыт ата атындағы университетке ауысуға өтініштер көптеп түседі. Оқу орында ауысу процесі жүргізіліп жатыр. Қазір 5 білім беру бағдарламасы бойынша 120 магистранттан өтініш түсті. Одан бөлек, 32 білім беру бағдарламасы негізінде 1200 студент ауысуға өтініш білдірді. Өтініш берушілердің арасында 1-4 курс студенттері бар. Дегенмен, басым көпшілігі – 4-курс студенттері. Біз студенттерді қабылдауға әзірміз. Ауысып келген білім алушылар үшін жаңа оқу топтары ашылып, барлық қажетті жағдаймен қамтамасыз етіледі, – деді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы-ректоры Б.Кәрімова.

Айта кетейік, биылғы оқу жылында бітірушілер үшін оқу ақысы бұрынғы «Болашақ» университетіндегі бағам қалады. Ал жаңа оқу жылынан бастап студенттер Қорқыт ата атындағы университеттің бекітілген оқу ақысы бойынша төлем жасайды. Студенттердің оқу орнын ауыстыру процесі қысқы демалыс кезінде жүзеге асырылады.

Сонымен, «Болашақ» университеті мен Қызылорда технология және қызмет институты қосылып, «Қызылорда Ашық университеті» атауымен оқу орны құрылды. Өңірде орын алған жағдайға қатысты жаңа оқу орнына лицензия тез арада берілетінін айта кетейік. Ендеше, алаңдауға ешқандай негіз жоқ.

Қармақшы ауданында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен актив отырысында Қармақшы ауданының жаңа әкімі таныстырылды.

Қармақшы ауданының әкімі тағайындалды



Облыс әкімінің өкімімен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі және Қармақшы аудандық мәслихатының келісімдері бойынша Қармақшы ауданының әкімі лауазымына Жандос Еркінбек тағайындалды. Аймақ басшысы Жандос Еркін-

бекұлын құттықтап, жаңа қызметінде сәттілік тіледі. – Жандос Еркінбекұлының басшылық қызметтегі ұйымдастырушылық қабілеті мен тәжірибесі мол, өз жұмысын жоғары кәсіби деңгейде атқаратын білікті азамат.

2-бет

СЕССИЯ

Бірқатар бастама қолдау тапты

Сейсенбіде облыстық мәслихаттың кезектен тыс 24-сессиясы өтті. Сессияға облыстық мәслихат депутаты, экономика қаржы және жергілікті басқару мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы Талғат Жақыпбаев төрағалық етті. Күн тәртібінде 11 мәселе қаралды.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Былтыр облыстың барлық макроэкономикалық көрсеткіштері бойынша өсім қалыптасты. Оның ішінде, өңдеу өнеркәсібі көлемі 5,6 пайызға, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1,8 пайызға, инвестиция тарту 26,8 пайызға, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 3,3 пайызға, құрылыс жұмыстарының көлемі 16,6 пайызға және сауда көлемі 2,3 пайызға артты.

Сессияда 2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджетке өзгерістер енгізу туралы облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай хабарлама жасады. Хабарламада аталған жылдарға арналған облыстық бюджетті 6,8 млрд теңгеге алғашқы нақтылау мәселесі жан-жақты сараланды. Нақтылау барысында облыстық бюджеттің өз кірістерін 3,5 млрд теңгеге ұлғайту, сондай-ақ бірқатар бюджеттік бағдарлама әкімшілері онтайландырған 1,5 млрд теңгені қайта бағыттау жоспарланған. Биылғы I қаңтардағы жағдай бойынша облыстық бюджет қаражаты



қалдықтарының қайта бөлуге жататын 1,8 млрд теңгесі қайта бағытталуда.

Бұл қаражат есебінен «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасы арқылы өңір жастарын қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету және жас отбасыларды қолдауға 5 пайыздық мөлшерлемемен 100 отбасыға тұрғын үй сатып алу үшін несие беруіне 1,2 млрд теңге бөлінбек. Ауылдардың әлеуетін арттыру, елді мекендерді көркейту, қолдау үшін «Үлгілі елді мекен» іс-шарасында жеңімпаз атанған елді мекенді ынталандыру шығындарына 467,4 млн теңге бағытталмақ.

Айта кетейік, «Сыр жастары» бағдарламасы жөнінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев

облыстық жастар форумында жариялады. Бағдарламаға 18-35 жас аралығындағы Қызылорда облысында кейінгі 2 жылда тіркеуде тұрған азаматтар қатыса алады. Жеңілдетілген несие 19 жылға 5% үстемемен «Отбасы банк» арқылы беріледі, қатысушының банкте үйдің бағасының 10%-ын құрайтын салымы болса жеткілікті. Бағдарламаға білім, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет, журналистика саласының мамандары, мемлекеттік және азаматтық қызметшілер, ғылыми қызметкерлер, ұлттық холдингтердің жергілікті филиалдарының, екінші деңгейлі банк қызметкерлері, құрылыс, қоғамдық тамақтану және басқа да қызмет көрсету саласының қызметкерлері мен әлеуметтік қызметкерлер қатыса алады.

2-бет

КЕЛЕСІ САНДА

Киелі жануар қорғауда болады



Қармақшы ауданының әкімі тағайындалды

Сондықтан Мемлекет басшысының әділетті Қазақстанды дамытудағы жаңа бастамалары мен тапсырмаларын бұлжытпай орындап, өздеріңізбен бірге туған жері Қармақшы ауданын одан әрі дамытуға аянбай жұмыс жасайтынына сенемін, – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ, облыс әкімі осы уақытқа дейін Қармақшы ауданының әкімі қызметін атқарған Әділбек Ерұлтановты басқа қызметке ауысуымен құттықтап, оған ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақты болуына сүбелі үлесін қосқаны үшін алғыс білдірді.

Жиында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Асқар Меркөв аудан жұртшылығының атынан сөз сөйлеп, ауданның жаңа әкімін осы лауазымға тағайындалуымен құттықтады және бұрынғы әкім Әділбек Ерұлтановқа ризашылығын білдірді.



Еркінбек Жандос Еркінбекұлы 1983 жылы Қармақшы ауданында дүниеге келген. 2004 жылы Қазақстан Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институтының «Бөлімшелердің қызметтік-жауынгерлік іс-қимылын басқару» және 2008 жылы Қазақ гуманитарлық заң университетінің «Құқықтану» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2004 жылы әскери қызметтен бастап, 2013 жылға дейін атқарған. 2013-2018 жылдары бірқатар компанияларда түрлі деңгейдегі жауапты басшылық қызметтерде болған. 2019-2021 жылдары Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасының бөлім басшысы, 2021-2022 жылдары Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған. 2022 жылдың мамыр айынан бастап осы кезге дейін Қызылорда облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметін абыроймен атқарып келді.

БРИФИНГ

Қазалы ауданында жер кезегінде тұрған тұрғындар көбейген. Аудан орталығынан көлемі 600 гектар жерге салынатын тұрғын үйлерді инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жобасы әзірленген. Бұған қосымша баспана кезегін азайту үшін Ф.Мұратбаев атындағы ауылдан ашылған аймаққа салынатын тұрғын үйлерді ауысу, газ және электрмен жабдықтауға 251 миллион теңгеден астам қаржы бөлінген. Сонымен қатар, Әйтеке би кентіндегі көлемі 180 гектар болатын ұчаскедегі тұрғын үйлерге сервистік ауысу жөніндегі тарту құрылысы басталмақ. Бұл үшін бюджет есебінен 110,2 миллион теңге қаралған.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы».



Кадрлық өзгерістер таныстырылды



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысы өтті. Жиында Қызылорда облысының бақылау жөніндегі басқармасының басшысы таныстырылды.

Бірінші конкурстық комиссияның шешіміне сәйкес, облыс әкімінің өкімімен Қызылорда облысының бақылау жөніндегі басқармасының басшысы қызметіне Қалиев Ғанижан Пірғазыұлы тағайындалды.

Облыс әкімі басқарма басшысын таныстырып, қызметіне сәттілік тіледі.

– Ғанижан Пірғазыұлы осы кезге дейін жинақтаған мол тәжірибесі мен білімін күрделі де жауапты қызметке арнап, өңірдегі кәсіпорындарда ұжымдық еңбек дауларының алдын алуға, еңбек-

ақы қарыздарын болдырмау шараларын уақытылы қадағалап, жұмысшылар құқығының сақталуына, аймақтың ажарын ашатын сәулет-құрылыстардың сапалы әрі уақытылы аяқталуына бақылау жасап, әділетті әрі заң үстемдігіне қызмет етеді деп сенеміз, – деді облыс әкімі.

Актив отырысында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев пен Қызылорда облысы аумақтық кәсіподақтар бірлестігі төрағасы Максұт Нәлібаев басқарма басшысын жаңа қызметімен құттықтады.

Ғанижан Қалиев 1970 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Алматы халық шаруашылығы институтын «Экономист» және Қазтұтынуодағының Қарағанды экономика университетін «Құқықтану» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын Қызылорда қалалық қаржы бөлімінің бақылаушы-ревизоры ретінде бастаған. 1992-2003 жылдары Қаржы министрлігіне қарасты комитеттерінде бас бақылаушы-тексеруші, бөлім басшысы қызметтерін атқарған. 2003-2010 жылдары Әділет министрлігінің Қаржы департаменті директорының орынбасары, Орталық сайлау комиссиясының қаржы-бақылау бөлімінің меңгерушісі, 2010-2016 жылдары Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша инспекциясының басшысы, 2016-2019 жылдары Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы лауазымын атқарған.

2019 жылдан осы кезге дейін Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті Қостанай облысы бойынша департаментінің басшысы лауазымын атқарып келген.



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысында Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы таныстырылды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі аппараты басшысының бұйрығымен Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы лауазымына Егембергенов Айтбек Асылханұлы тағайындалды.

Облыс әкімі департаменттің жаңа басшысын таныстырып, қызметіне сәттілік тіледі.

– Айтбек Асылханұлы өзінің алған білімі мен осы кезге дейін жинаған мол тәжірибесін өңірдегі коммуналдық саланың

дамуына арнап, тариф тұрақтылығы мен бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу, мемлекеттік қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыруға ықпал етіп, тұтынушылардың құқықтарын қорғау және осы салада мемлекеттік реттеу мен бақылау тетіктерін күшейтуді деген зор сеніміміз бар, – деді облыс әкімі.

Актив отырысында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев пен Қызылорда облысы аумақтық кәсіподақтар бірлестігі төрағасы Максұт Нәлібаев Айтбек Егембергеновке жаңа қызметінде абырой мен мол жетістік тіледі.

Айтбек Егембергенов 1987 жылы Қызылорда облысы Шнелі ауданында дүниеге келген. 2007 жылы Кентау мемлекеттік көпсалалы колледжін «Есептеу техникалары мен автоматтандырылған жүйелерді бағдарламамен қамтамасыз ету» және 2012 жылы Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтын «Құқық және экономика негіздері» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2008 жылы Түркістан облысының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінің хатшысы ретінде бастаған. 2009-2015 жылдары «Ясса» колледжін информатика пәнінің мұғалімі, «Нұрлы Қалқан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің инженер-программисі, 2015-2019 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің бас маманы, 2019 жылдан бастап 2023 жылдың 16 қаңтарына дейін Табиғи монополияларды реттеу комитеті Түркістан облысы бойынша департаментінің бөлім басшысы, департамент басшысының орынбасары қызметтерін атқарып келді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Атқарылған іс пен алдағы меже

Жылды қорытындылаған Қазалы ауданының әкімі Мұхтар Оразбаев өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте атқарылып жатқан жұмыстарды айтып, алдағы жоспарларын бөлісті.

– Қазалыда былтыр 20,2 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Басым бөлігі өңдеу өнеркәсібінің үлесіне тиесілі. Аудан бюджеті 22,6 млрд теңгеге жетіп, өз кірістеріміз 2,1 млрд теңгені құрады. Өздеріңізге белгілі, бюджетті ұлғайтудың бірден-бір көзі – жаппай кәсіпкерлікті дамыту. Бүгінде ауданда кәсіпкерлердің саны – 6121. Ал осы салада жұмыспен қамтылғандар саны 9366 адамды құрады. Өткен жылы жанадан 25 кәсіпкерлік нысан бой көтерді. Сондай-ақ 382 жоба бойынша 4,3 млрд теңге несие беріліп, кәсіпкерлерге қолдау көрсетілді. Өз кәсіпкерліміз 7,5 млрд теңгенің өнімін өндірісе, күнделікті сауда-саттықтың нәтижесінде бөлшек сауда айналымы 10,7 млрд теңгені құрап отыр, – деді аудан әкімі.

Былтыр Қазалы 17402 гектар жерге түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын екті. Оның ішінде күріштің көлемі – 6361 гектар. Су ташылығына байланысты негізгі дақыл – Сыр салысы көлемін аудан дикандары біршама қысқартқан. Оның орнына суды аз қажет ететін дақылдарға мән берілді. Сондай-ақ су жетпей қалу қаупінің алдын алу үшін 6 көтерме насос сатып алынып, коллекторлар жөндеген. Нәтижесінде қазалылық еңбеккерлер қамбаға 21 мың тонна Сыр салысын құйып, Қазалы ауданы «Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласындағы үздік аудан» атанды.

Былтыр 21,2 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдері өндірілген. Ауданнан Ресей, Беларусь, Дания, Германия, Тәжікстан, Қытай, Нидерланды елдеріне 3374,3 тонна күріш, 900 тоннаға жуық балық, 711,1 тонна қамыс экспортталған.

Былтыр Қазалы қаласы, Жалантөс батыр, Қ.Пірімов және Басықара ауылдары табиғи газға қосылды. Алдағы уақытта Абай ауылын газдандыру жоспарлануда. Тиісті жоба-сметалық құжаттары әзірленген. Сонымен қатар, Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдақөл, Ү.Түктібаев ауылына «көгілдір отын» жеткізілім. Жоба-сметалық құжаттары жеке кәсіпкердің демеушілігімен әзірленіп, сараптамадан өтті. Айта кетейік, ауданды газбен қамту 63,2 пайызды құрап отыр.

– Жол жөндеу бағытында көп еңбек атқарылуда. Мысалы, былтыр 75 шақырым аудандық маңызды автомобиль жолы бойынша 7 жоба қолға алынған. Бұл үшін бюджеттен 1,6 миллиард теңге бөлінді. Ал жұрт күтіп жүрген Әйтеке би мен Қазалы қаласы арасындағы 7 шақырымдық төрт жолақты жол былтыр толық аяқталды. Сондай-ақ былтыр аудандық маңызды 4 автомобиль жолы жөндеуден өткізілді. Олар – Ф.Мұратбаев ауылына кіреберіс жолы, «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей», «Қожабақы-Бекарыстан би», «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей» автожолдары. Бұл үшін бюджеттен 1,2 млрд теңге бөлінді, – деді аудан әкімі.

Қуанышты жаңалықтың бірі, былтыр «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында аудан орталығынан 600 және Жанқожа батыр ауылынан 300 орындық мектеп бой көтермек. Ал денсаулық саласы бойынша былтыр Әйтеке би кентінен ауысымына 250 келушіге арналған емхана құрылысы аяқталып, тұрғындар игілігіне берілді. Сондай-ақ аудан орталығынан шағыл орналасқан Жұбан мен Жалпақ елді мекенінде медициналық бекет ашылды. Алдағы уақытта Бозкөл, Абай, Кәукей ауылдарынан дәрігерлік амбулатория салу жоспарлануда.

– Ауданда спорт алаңдары көптеп салынуда. Өткен жылдың өзінде 6 алаң, «Ауыл – ел бесігі» жобасымен Қ.Пірімов ауылынан спорт кешені салынды. Былтыр Ү.Түктібаев ауылындағы спорт кешені пайдалануға берілді. Бұған қоса, Әйтеке би кенті, Қазалы қаласы, Жалантөс батыр, Бекарыстан би және Ф.Мұратбаев ауылынан да осындай спорт кешені құрылысын салу жоспарлануда, – деді аудан басшысы.

Былтыр Әйтеке би кентінен 600 орындық мәдениет үйі мен Кәукей ауылынан 100 орындық клуб пайдалануға берілді. Қосымша Бірік, Майдақөл, Шәкен ауылдарынан 100 орындық клуб құрылысын салу үшін тиісті құжаттар әзірленген. Сондай-ақ былтыр алғаш рет аудан орталығы мен Қазалы қаласынан екі бірдей «Жастар үйі» ашылғанын айта кету керек.

Қазалы ауданы

Бірқатар бастама қолдау тапты

Сондай-ақ, Қызылорда қаласы аумағында көптептері және жеке тұрғын үйлер құрылысының дамуын, кәсіпорындар өндірісінің кеңейіп, шағын және орта бизнестің дамуын ескере отырып, облыс орталығы тұтынушыларын үздіксіз сапалы электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін электр жүйесін жаңғыртуға және дамытуға 1,6 млрд теңге бөлу ұсынылды.

Еске салсақ, облыс әкімінің тапсырмасымен өңірдегі электр қуатымен жабдықтау нысандарын тексеруге комиссия құрылып, бірінші кезекте қаржы талап ететін нысандар бойынша ұсыныс берілген болатын. Комиссия жұмысының нәтижесімен әзірленген ұсыныстар мәслихат сессиясының қарауына беріліп, кезек күттірмейтін нысандарды жөндеу немесе ауыстыруға қаржы қаралды.

Мұнан бөлек, «Қызылорда су жүйесі» мекемесінің материалдық-техникалық базасының төмендігінен облыс орталығының санитарлық тазалығын уақытылы қамтамасыз етуге қиындықтар туындағанын ескере отырып, халыққа дер кезінде сапалы коммуналдық қызмет көрсетуге арнайы техника алу үшін 992,8 млн теңге, Қызылорда қаласында салынатын 7 мың орындық стадион құрылысының жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеп, мемлекеттік



сараптамадан өткізуге 59,7 млн теңге, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын полиция қызметкерлерінің лауазымдық жалақысына үстемесіне төлеуге 368,1 млн теңге және медициналық ұйымдарды медициналық-техникалық қамтамасыз етуге қосымша 472,1 млн теңге қарау ұсынылды.

Сессияға дейінгі тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысында депутаттар бірқатар мәселелер көтеріп, сауалдарын қойған еді. Бірлескен отырысқа облыс әкімінің орынбасары Н.Сақтағанов қатысты. Депутат І.Тілеп мектептер мен әлеуметтік



нысандарды жылыумен қамтуда жанармайдың, яғни, сұйық отынның жеткіліксіз екенін айтып, оны шешуде жергілікті операторлармен келісімге келуді ұсынды. Ал депутат С.Бикожа «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасын іске асыруда жастар ақпараттық сервисін құру қажеттігін айтып, қаржы бөледі сұрады. Депутат А.Әбибуллаева созылмалы бүйрек ауруына шалдыққан науқастар үшін өмірлік маңызды зор құрылысқа алдыңғы сессияларда қаржы сұралып, қолдау тапқанымен, әлі күнге дейін бағасының қымбаттап

кетуіне байланысты алынбағанын айтып, осы мәселені түбегейлі шешуді сұрады. Жиында «Сыр жастары» облыс жастарына жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасы туралы облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Мира Қазбекова хабарлама жасады.

Жалпы бағдарламаның мақсаты – өңір жастарын қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету. Сонымен қатар, жұмыс істейтін жастар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігі мен жайлылығын арттыру, тұрғын үй құрылысын

ынталандырудың жаңа тәсілдерін әзірлеу. Барлық қаржыландыру көздері есебінен жастарды тұрғын үймен қамтамасыз етудің нысаналы индикаторын қалыптастыру және жыл сайынғы тұрғын үй беру көлемін ұлғайту да – бағдарламаның негізгі мақсаты. Бүгінде облыс жастарының саны – 176985. Бұл аймақ халқының 21,4%-ын құрайды. Экономикалық белсенді жастардың саны – 76687 адам. Бағдарлама ережесіне сай қарыздың ең жоғары сомасы 13-18 млн теңгеге дейін.

Сессияда күн тәртібіндегі басқа да мәселелер қаралды.



ТАҒЫЛЫМ

Ұрпақ жадында жаңғырған тұлға



Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейде қоғам қайраткері Төкей Есетовтің туғанына 100 жыл толуына орай тарихи-танымдық сабақ өтті. Білім ордасы музейінде өткен іс-шараны №18 қалалық кітапхананың кітапханашысы Зауреш Әлішева жүргізді.

Сб Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

Іс-шараға қайраткермен бірге қызмет еткен әріптестері Нұрлыбай Ұлықпанұлы, Асылбек Жұмбабаев, Күләй Ермағанбетова, Ұлбосын Сейтжанова, Жанылған Сарашова, «Сыр Медиа» серіктестігі директорының бірінші

орынбасары Марат Аралбаев және Т.Есетовтің ұлы Асқар қатысты.

Қатар қызмет еткен кезде оның қарапайымдығын көрдік. Өзіне сеніп тапсырылған барлық жауапты жұмыстарды абыройлы

атқарды. Қоғам қайраткері, саясаткер, жетекші ретінде де көп еңбек етті. Ардақты азаматтың өнегелі өмірін жас ұрпаққа үлгі етіп мектепке атын беріп, музей ашқан білім саласы басшыларына рахмет. Төкей Есетов нағыз құрметке лайықты ер азамат еді. Жас буын аталары туралы біліп өсіп жатқанына қуанамыз, – деді Нұрлыбай Ұлықпанұлы.

Кездесуде қоғам тұлғасы жағындағы естеліктерді бөлісті. Өмірлерінің, жетістіктері мен кітаптарын, суреттерін көрді. Білім ошағы 2016 жылдан бері қоғам қайраткері есімімен аталады.

Ал 100 жылдықта арналған іс-шаралар алағыз уақытта да жалғасын таппақ. Мектеп-лицей директоры Бек Тұмырзаев қоғамдағы мектептегі жаңашылдықтармен таныстырды. Білім ошағы жаңа заман тынысымен қарышты дамып келеді. Басшы БАҚ өкілдерімен бірге оқушылардың шығармашылығын арттыру үшін бірлесіп жұмыс істемек ниетте.

ЖЕТІ ҚАЗЫНА



Тазы мен төбет – құнды қазына

Ен далада еркін өскен Алаш баласының саятшылыққа жаны жақын. Төбет пен тазы қазақ үшін кастерлі байлығымыз еді. Сол көрініс көз алдымыздан жоғалып бара жатты. Өкініштісі, құндылықтардан кейінгі 30-40 жылда айырылып қала жаздағанымыз жасырын емес.

Сб Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

Биылғы жылдың алғашқы күндерінде елімізде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қазық ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды. Енді тазы мен төбет тұқымдарын сақтау және көбейтуге мүмкіндік мол. Ол кең ауқымды бағыттарды қамтиды. Мәселен, иттің генетикалық сапасын ғылыми бағалау, селекциялық сараптама жүргізу, жинақтау арқылы қажетті ғылыми база құруға жол ашылмақ.

Айта кетсек, өткен ғасырдың тоқсаншы жылдарына дейін екі үйдің бірінде тазы мен төбет араландып алдымыздан шығатын. Қашаннан саятшылыққа жаны құмар ағайын тазысын ертіп, жылқысын жаратын аялауға аттанатын еді. Ал төбет негізінен мал шаруашылығымен айналысқан шаруа адамының жансерігі болды. Одан беріде жайылым төсі толған төрт түлік де азайды. Тазы мен төбетті де іздейтін жағдайға түстік. Тіпті олардың тұқымын сақтау мәселесі де таразыға тартылды. Токсаншы жылдардан бері екінің бірі шетелден шыққан тегі белгісіз ит тұқымын алып келуге әуес болды.

Жалпы, шетелдік иттерді Қазақстанға кіргізу мәселесін ойлану қажет. Өйткені, одан қандай зиян болатынын аңғару қиын емес. Қазір көпше шықсаңыз, олардың түр-түрін көруге болады. Тұқымын ажырата алмайтын жағдайға жеттік. Бұл таза қанды тазы мен төбет тұқымын сақтап қалуға да кері әсерін тигізеді деген ойдамын. Тегіміз бір түркімен халқы алабай тұқымын сақтап қалу ісін ертерек қолға алды. Соның арқасында ұлттық құндылығының ертеніне алаңдамайтын болды. Өкініштісі, біз қаншама уақытты құр жіберіп алдық. «Жақсылықтың ерте-кеші жоқ» дейді қазақ. Ендігі кезекте кеткен қателікті түзеуге күш салайық. Жаңа заң сол олқылықтың орнын толтыруға септігін тигізеді деген ойдамын. Сондай-ақ, біз шетелден келетін ит тұқымын ұдайы бақылау мақсатында карантиндік бекет ұйымдастыруымыз қажет. Шетелдің көбінде солай жасалған. Тіпті, бірқатарында кейбір ит түрлеріне тыйым салынған. Мәселен, Швеция, Дания, Ұлыбритания, Франция, Германия, Нидерланды, Бельгия, Швейцария, Жаңа Зеландия мен Латвияда осындай талаптар қойылған, – деді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, география ғылымдарының кандидаты Оразхан Айдаров.

Ескіден келе жатқан «Таудағы тұлкіні табындағы тазы алар» деген тәмісі бар. Естүімзіше, тазы қазақ даласына сақ заманында келген деген аңыз бар. Ол шамамен 2000-2500 жылдар бұрынғы кезеңді қамтиды. Тасқа қашалған кейбір петроглифтерде тазыға ұқсас аншы итері бейнеленген. Ал тақыр жүнді тазылар осыдан бес-алты мың жыл бұрын перғауындар заманында өмір сүрген деген дерек айтылады.

Бұл ит тұқымын тазы атауының мәні парсының «таза, алғыр, жүйрік» деген мағынасымен ұштасып жатқан секілді. Таза болуының себебі оның тазы атауына алып келді ме? Ол ықшамдалу заңдылығына байланысты тазыға ауысуы мүмкін. Қазақ жерінде құмай, қайың қаптал, ауған, орыс, түрікмен деген түрлері ұшырасқан. Қазақы тазыны тау және дала тазысы деп бөлген. Шоктығының биіктігі 80-85 см аралығында.

Енді аз-кем төбетке тоқтала кетсек. Белгілі жиһанкез Марко Поло XIII ғасырдағы қазақтар туралы жазбаларында «Тайыншадай биік денелі иттер – тағы аңдарды аулауда, күзетке және ауыр жұмыстарда тамаша серік» деп жазып кеткен. Саяхатшы Шағатай ұлысында қасқыр алатын бұл иттерді хан сарайынан кезіктірген. Сол кезеңде ит саны 10 мыңдай болған көрінеді.

Жаһандық желі беттерінде білгеніміз, ит тұқымдарын зерттейтін кинология деген сала бар. Оны грек тілінен тәржімалағанда кynos – ит, logos – ілім дегенді білдіреді. Ол ит анатомиясы мен физиологиясын, үй иті тұқымының шығу тегі мен эволюциясын, оларды өсіру, қолға үйрету, қоректендіру, шаруашылыққа пайдалану мәселелерін зерттейді. Бір қызығы, бізде оған ұзақ жылдан бері мән берілмейді. Тегіміз бір түрік бауырлар дүниежүзілік кинология орталығына біздің тазыға ұқсайтын иттің түрін тіркетуге көңіл бөлген. Ендігі кезекте бізге тазы мен төбетті қазақ халқының ұлттық бренді

ретінде қалыптастыру – маңызды міндет.

Әлемдік кинология орталығына тіркелу үшін иттің тегі сараланады. Оның қаны ғылыми тұрғыда сараптаудан өткізіледі. Сондай-ақ олардың саны кем дегенде 1000-ға жетуі қажет. Өкінішке қарай, қазір біздің қолымызда оның үштен бір бөлігі ғана бар.

Рас, елдің ішінде ұлттық дәстүрге жанашырлық танытып жүрген азаматтар баршылық. Оншақты жылдай бұрын Шиел ауданында «Қар үстіндегі қансонар» деген атаумен саятшылық өнерге арналған ауқымды шаруа өткізілген. Игі істің басы қасында жүрген белгілі айтқыс ақын Кеңжебай Жүсіповтің айтуынша, оған тазы мен төбетін ертіп келген тұрғындар саны аз болмаған.

Сол уақытта жергілікті азаматтардың қолдауымен аталған шараны ұйымдастырды. Алғашқыда «қалай болар екен?» деген ой мазалады. Белгіленген күні саятшылыққа жаны жақын тұрғындардың көп екені байқалды. Олардың бірі тазы мен төбетін ертіп келсе, енді бірі аңға салатын құстарымен жетті. Жас ұрпаққа тағылым болатын жақсы шара өткізілген. Игі істің басына емес екенін байқадық. Өзіміз де тазы өсіруге көңіл бөлген едім. Жақында тазы мен төбет тұқымын сақтауға бағытталған жаңа заң қабылданғанын естіп, қуанып жатырмыз. Бұл ұсынғыстың ұзақ жылдан бері айтылып келе жатқаны белгілі. Әрине, елдің ішінде олардың тұқымы жойылып кетпеуіне баршына үлес қосқан азаматтар бар екенін білеміз. Ендігі кезекте оған мемлекеттік деңгейде назар аударылатыны қуантады. Осы мақсатта ғылыми зерттеу жасап, арнайы бағдарлама дайындағаны артық емес. Біздің игі істен күтеріміз көп, – дейді Кеңжебай Жүсіпов.

Сыр өңірінде тазы мен төбеттің нақты саны қанша? Кезінде кеткен олқылықтың салдарынан әзірге олардың санын дәл басып айту қиын. Аталған заңға жауапты мекеме ретінде бекітілген облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясына хабарласқан едік. Мамандардың айтуынша, аталған заң алағыз шілде айында күшіне енеді. Әзірге бұл бағытта жасалатын жұмыс баршы саралануда.

Кезінде қазақтың белгілі тұлғалары саятшылық өнерді жанына серік еткенін білеміз. Атақты Ақан серінің «Басарала», Кенесары ханның «Көкдауыл» сынды тазысы тамаша жұртты тамсандырды. Ұлттық бейнемізге тән қос жануардың бірі – жылқы болса, екіншісі – ит. Кешегі ашаршылық жылдарында есіл ерлер солардың арқасында көп адамды ажалдан арашалап қалды.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынып жатқан игілікті іс қазақтың қазынасына айналған ит тұқымдарын сақтап қалуға зор септігін тигізетіні анық. Жасалатын жұмыс та аз емес.

«7-20-25»:

Бағдарлама өзгеріссіз, ал үйдің бағасы ...

Үй алушыға қойылатын бірнеше талаптар бар. Жекіңдетілген төмен пайызбен несие беру арқылы азаматтарды көбірек қамту үшін бағдарламаны іске асырудың жекелеген талаптары қайта қаралған. Атап айтқанда, әрбір қарыз алушы бағдарламаға бір рет қана қатыса алады. Ең алдымен Қазақстан Республикасының азаматы болуы тиіс. Екіншіден атыңызда үй болмауы керек. Сондай-ақ, тұрақты рәсталан кірістің болуы талап етіледі. Бұған дейін ипотекалық кредиттердің болмауы да назарға алынады. «7-20-25» бағдарламасы шеңберінде қарыз алғысы келетіндер ынтымақтастық туралы келісімдері бар «Қазақстанның тұрақтылық қоры» АҚ-мен серіктес банкілерге жүгіне алады. Олардың қатарында «Банк ЦентрКредит», «Қазақстан Халық Банкі», «Еуразиялық банк», «АТФ Банк», «Jusan Bank», «Bank RBK», «Forte Bank», «Altyn bank» АҚ бар.

Бағдарламаның бныл да жалғасатынын естіген қала тұрғыны Гүлмира Ыдырысова құжаттарды реттеп өтінім бер-



руге ынталы екенін айтады.

Біз секілді шағын отбасыға ынғайлы бағдарлама. Бірақ, бұл бес жыл бұрынғы бекітілген лимитпен әлі тұр. Мәселен, біздің өңірде 15 миллионға үй табу қазір қиын. Екі бөлмелі пәтер алуға болатын шығар. Үйдің бағасы аспандап кетті. Осы жағына көңіл бөлінесе жақсы болар еді, – дейді ол.

Расымен бес жылда инфляция бірнеше есе артты. Бірақ бағдарлама бойынша бекітілген сома өзгеріссіз қалауда. Пәтер жалдап біреуге

ақша бергенше, өзінің атына рәсімделген үйдің несиесін төлеуді жөн санайтындар жетерлік. Уақыт өте келе бұл да аты бар, заты жоқ бағдарлама болып қалуы мүмкін деген пікірлер де айтылууда. Экономист Дәулет Мұқаевтың айтуынша, үйдің бағасы алдағы уақытта өсе береді. Кейін бұл бағдарлама кезегі 4 пайыздық автокөлік несиесі секілді бөлінген лимит аз уақытта бітіп қалады. Сондықтан нарықтағы бағаға сәйкес, оған бөлінетін лимитті де көтерген жөн деп санайды.

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.



E-mail: smjarnama@mail.ru

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылдың 16 қаңтардағы ұйғарымымен Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Төле би көшесі 44 А үй мекен-жайында орналасқан «Мунай.Тех.Сервис.Орда» ЖШС-на (БСН 110340002435) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалғаны хабарлайды.

